Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жалағаш жаршысы

№81 (9864)
11 қазан, сейсенбі 2022 жыл

Газет 1934 жылғы 10 қаңтардан бастап шығады.

Бәрекелді!

Кеше аудан әкімі Асқарбек Есжанов дәстүрлі «Алтын күз – 2022» XXXV облыстық спартакиадасында топ жарып, жеңіс тұғырына көтерілген спортшыларды қабылдады. Айта кетейік, аталған дүбірлі дода 5-9 қазан аралығында Қазалы ауданы Әйтеке би кентінде өткен болатын. Спорттың 18 түрін қамтитын бұл бәсекеде аймақтың барлық аудандарының құрама командалары өнер көрсетті. Бұл жарыстың салмақты маңызы барына тоқталған аудан әкімі, жалпы спорт саласын дамытуға барынша күш салынатынын жеткізді.

Жалағаштық спортшылар үздік үштікте

– Байрақты бәсеке өтеді дегеннен шынында тақым қысып отырдық. Қазақ деген халық үнемі үлкен намыстың жетегінде жүреді. Ауылдастардың намысын көтерген кезде «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» дейміз. Ол – ауылдасқа деген құрметтің нышаны, қазақтың өр рухы, асқақ намысы. Сіздердің жеңістеріңіз – қанша жылғы төгілген тер, ұзақ жаттығулар мен ерен еңбектің жемісі. Жаттығуда қиын болса, жарыста оңай болатынын жақсы білеміз. Гір көтеру, қазақ күресі, шахматтан біз үздіктер қатарынан көріндік. Президенттік көпсайыстан, көкпардан, бес асық, теңге ілуден екінші орын алдық. Футбол, қол добы, аударыспақтан үшінші орын, басқа спорт түрлерінен де жақсы нәтиже көрсеттік. Бұл жаттықтырушылардың, спортшылардың еңбегі екенін біз мойындаймыз. Спорт саласына байланысты біздің үлкен жоспарларымыз бар. Бізде дене шынықтыру, спорт кешені салынып жатыр. Орталық стадионды күрделі жөндеуден өткізуге жоба-сметалық құжаттарын дайындап жатырмыз. Жалпы бұқаралық спортты дамытуға барынша күш салатын боламыз, – деді аудан басшысы.

Салтанатты шарада дүбірлі додада жеңіске жеткен бірқатар спортшылар Жалағаш ауданы әкімінің алғыс хатымен марапатталды.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

200 ауылда дәрігер жоқ

Қазақстанның 200 ауылында дәрігер жоқ, тағы 400 ауылда медициналық мекемелер жалға алынған немесе апатты жағдайда тұр. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинeият айтты.

– Ауылдағы нысандарға түгендеу жүргізіліп, нәтижесінде 200-ден астам елді мекенде медициналық пункт жоқ, 400-ге жуық ауылда медициналық мекемелер жалға алынған немесе апатты, бейімделген ғимараттарда орналасқан, – деді Ажар Ғиният Үкімет сағатында.

Айтуынша, ауылдардағы медициналық инфрақұрылымдардың жартысынан көбінің тозығы жеткен. Сондай-ақ ауылдарда маман тапшылығы көрініс табуда. 1,7 мыңнан астам медицина қызметкері, оның ішінде 1 мыңнан астам дәрігер, 734 медбике жетіспейді.

Ауыл тұрғындары арасында тыныс алу органдары аурулары жиі кездеседі. Ол 42,7 пайызды құраса, бұл 100 000 тұрғынға шаққанда 17 164,4 адам деп көрсетті.

Қазақстандағы ауылдық денсаулық сақтаудың тағы да басқа проблемалары – бақылау динамикасы сапасының төмендігі, консультациялық-диагностикалық қызметтердің төмен қолжетімділігі.

– Сонымен қатар созылмалы дертке шалдыққан науқастарды қымбат дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету қала тұрғындарына қарағанда ауыл тұрғындары арасында екі есе аз. Бірқатар ауылда дәріхана жоқ, – деді Денсаулық сақтау министрі.

Кеңес

Тұрақты жұмыс орындары құрылса, тұрмыс түзеледі

Өткен сенбіде ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары және жаңа жұмыс орындарын құру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Жиында ҚР СИМ Сауда комитетінің төрағасы Ержан Қазанбаев жыл басынан бері ӘМАТ бағасының 19,6 пайызға, оның ішінде өткен аптада 0,1 пайызға көтерілгенін баяндады. Өңірлер бойынша ең жоғары көрсеткіштер Ұлытау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарында тіркелген. Алайда соңғы уақытта елімізде бірқатар тауар позицияларының, соның ішінде пияз бен қант бағасы төмендеп келеді.

Ержан Қазанбаев бүгінгі таңда қарақұмық, күріш, картоп, сәбіз, күнбағыс майы, әлеуметтік нан, ұн, кеспе және сүт өнімдерінің бағасын тұрақтандыру бойынша кешенді жұмыс жалғасып жатқанын атап өтті. Ал Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеевтің айтуынша, бағаны тұрақтандыру үшін 186,1 мың тоннаға жуық ӘМАТ қоры бар. Сонымен қатар өңірлерде көкөністерді жинау жұмыстары жалғасып жатыр, бұл тұрақтандыру қорларының азық-түлік базасын одан әрі ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Премьер-Министр қазіргі уақытта биылғы егіннен жиналған көкөніс өнімдерінің бағасы төмен екенін атап өтті. Осыған байланысты өңірлердің әкімдері тұрақтандыру қорларын белсенді түрде толықтыруы қажет.

– Наурыз айынан маусым айына дейін жалғасатын маусымаралық кезеңде тапшылықты болдырмау және қымбат көкөністерді сырттан тасымау үшін қоймаларды қазірден бастап пияз, картоп, сәбіз, қырыққабатпен толтыру қажет. Маусымдық кезеңде бағаны интервенциялау және көкөніс бағасының шарықтап кетуіне жол бермеу үшін оларды ең төмен бағамен сатып алатын мүмкіндікті қазірден тиімді пайдалану қажет, – деді Әлихан Смайылов.

Кеңесте цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының басшысы Жандос Шаймарданов, қаржы вице-министрі Ержан Біржанов, Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев және Жамбыл облысының әкімі Нұржан Нұржігітов баяндама жасады. Баяндамашыларды тыңдаған Үкімет басшысы бағаны тұрақтандырудың жаңа тәсілдерін іске асыру аясында әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың шоттарындағы қаражатты резервке қойып, оларды өндірушілерді қаржыландыруға жіберу қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар Премьер-Министр Ұлттық статистика бюросы ұсынған фискалдық деректер операторлары арқылы инфляция мониторингі бойынша жаңа тәсілдерді қолдады. Оның айтуынша, 2023 жылдан бастап жаңа форматқа көшу және осы процеске техникалық қолдау көрсету үшін жұмыс жүргізу қажет.

Әлихан Смайылов Баға белгілеу тізбегін тексеру жөніндегі аймақтық комиссияларды қайта форматтауды жеделдетіп, Астана қаласының, Жамбыл, Алматы және Қызылорда облыстарының әкімдеріне сауда үстемесін 15-тен 10 пайызға дейін төмендету жөніндегі меморандумдарға қол қоюды жеке бақылауға алуды тапсырды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Тамара Дүйсенова баяндама жасады. Ол еңбек нарығының барлық негізгі көрсеткіштері бүгінгі таңда тұрақты екенін хабарлады. Бұл ретте мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарын қосқанда, жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу, бос позицияларды жабу, еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру және т.б. жөніндегі шараларды іске асыру жалғасып жатыр.

Премьер-Министр халықтың табысы мен экономиканың өсуіне ықпал ететін ең маңызды фактор тұрақты жұмыс орындарын құру екенін атап өтті. Сондай-ақ ол Мемлекет басшысы барлық аудандар мен қалалардың әкімдеріне жыл сайын әрбір 10 мың тұрғынға кемінде 100 жұмыс орнын құруды тапсырғанын жеткізіп, қазір Солтүстік Қазақстан, Павлодар, Ақмола және Қостанай облыстарында жұмыс тиімсіз жүргізіліп жатқанын қаперге салды. Оның айтуынша, бірқатар облыстарда міндетті зейнетақы жарналары бойынша төмен көрсеткіштер байқалады және жалған жұмысқа орналасу фактілері анықталып жатыр.

Кеңесті қорытындылаған Премьер-Министр әкімдерге жұмыспен қамту мәселелерін және жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендету жөніндегі шараларды бақылауды күшейтуді тапсырды.

Ерлан ӘНУАРҰЛЫ

Бағдарлама игілігі

Жиырмаға жуық жоба қолдау тапты

Аққыр ауылдық округінің тұрғыны Майра Шайхының кәсіп ашуды жоспарлап жүргеніне бірнеше жылдың жүзі болыпты. Жалпы нарықта сұранысқа ие өнімдер әзірлеуді қолға алайын десе, шалғай ауылда оған сұраныстың төмен болатыны анық. Оның үстіне Аққырда халық саны 1500-ге де жетпейді. Десе де бұл елді мекенде жайылымдық жер мен мал азығы айтарлықтай мәселе болмағандықтан, төрт түліктің қай-қайсысын да түлетуге қолайлы. Бір әулеттің жас келіні сондықтан мал шаруашылығында бақ сынауға бел буыпты.

Майраның салаға тыңғылықты дайындықпен және айқын мақсатпен аяқ басқаны көрініп-ақ тұр. Өз жобасына ауылда ірі қара өсіріп, оның етін де, сүтін де нарыққа шығарып, пайда табуды арқау етіпті. Кешегі комиссия отырысында оның бұл жобасы бірауыздан қолдау тапты. Осылайша ол мемлекеттік қолдау аясында қайтарымсыз 1 млн 225 200 теңге грантқа ие болды. Жоба авторы қолға қаражат тиісімен қорасын малға толтыратынын айтады.

– Иә, шалғай ауылдың тұрғынымын. Бірақ ауылым алыста екен деп қарап жатуға тағы болмайды. Кәсіп ашуға бел буғаныма біршама уақыт болды. Жолдасым екеуміз ақылдаса келе осы мал шаруашылығын дұрыс деп шештік. Ебін тапқан адамға кәсіптің бұл түрінде де пайда көп. Бізде жайылымдық жер мәселе емес. Сондықтан ісіміз алдағы уақытта алға басады деп ойлаймын. Жолдасым да қолғабыс етемін деп отыр. Бұйыртса, отбасылық кәсіп бастап, оның көкжиегін кеңейтіп, жемісін бірге көреміз деп ойлаймын. Барлығы бала-шағамыздың несібесі. Бастысы осындай қолдау білдірген мемлекетке алғысым шексіз. Себебі біз екі қолға бір күрек таппай жүргенде жұмыссыз азаматтардан мемлекет өз қолдауымен кәсіпкер қалыптастырып отыр, – дейді Аққыр ауылының тұрғыны.

Кешегі комиссия отырысында жобасын қорғаған жалағаштықтардың ішінде Өмірбек Сәкен де бар. Бұған дейін кондитерлік өнім өндіруде әкесіне қолғабыс болған кент тұрғыны алдағы уақытта аудан орталығында бәліш пісіретін наубайхана ашқысы келеді екен. Сөзінше, қазір Жалағашта кондитерлік өнімнің бірнеше түрін өндіретін арнайы цехтар болғанымен, бәліш пісіретін бірде-бір наубайхана жоқ екен. Яғни жалағаштықтар тұтынып отырған өнімнің бұл түрі бізге көрші аудандардан және облыс орталығынан келетін көрінеді.

Ауданда жоқ өнімді шығаруға бағытталған жобаны неге қолдамасқа. Оның үстіне жас та болса, оның бұл саладан айтарлықтай хабары бар. Комиссия мүшелерінің де назарын аударған жоба авторының басты қыры осы болды.

– Өзім әлі жаспын, кәсіптің қай түрін болсын дөңгелнтуге шамам жетеді. Оның үстіне кондитерлік өнім өндіру өзіме жат емес. Бүгін жобам бір ауыздан қолдау тауыпты. Бұйыртса, тиісті қаражат қолыма тиісімен қажетті құрал-жабдықтарды алуға кірісемін. Көп ұзамай жалағаштықтар өз өңірінде әзірленген өнімді тұтынатын болады. Оған өзімнің цехым арқылы жағдай жасаймын. Егер кәсібім алға басып, оның көкжиегін кеңейткен жағдайда өзім секілді жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға дайынмын, – дейді кент тұрғыны.

Аламесек ауылдық округі Жаңадарияның бергі жағында орналасқан демесеңіз, бұл ауыл да аудан орталығынан шалғайда. Бастысы ауылда егін және мал шаруашылығы айтарлықтай дамыған. Елді мекен тұрғындарының да негізгі күнкөріс көзі осы қос салаға тікелей байланысты. Ауылда мал өсіріп, оны бордақылап, етін нарыққа шығаратындар жетерлік. Алайда сүт бағытында мал шаруашылығымен айналысып отырғандар жоқтың қасы. Ал жылқы өсіріп, саумал сататындар мүлде жоқ десе де болады. Есет батырлық Мақсұт Сейітовтың кәсіптің бұл түрін қолға алуға бел буғаны да сондықтан.

Өзіміз сол ауылдың тұрғынымыз. Расында осы күнге дейін «Пәлен деген кісінің үйі жылқы байлап, саумал сатып жатыр екен» дегенді осы уақытқа дейін естімеппін. Демек, Мәкеңе алдағы уақытта бәсекелес ешкім жоқ. Қазірдің өзінде жоба авторы өз қаражатына 2 құлынды байтал алып қойыпты. Енді қайтарымсыз грант арқылы олардың басын көбейтіп, біржола табысқа кенелуді көздеп отыр.

– Біздің ауылда мал шаруашылығы айтарлықтай дамыған. Оны жоққа шығара алмаймын. Бірақ көбісі төрт түліктің тек етін сатумен айналысады. Ал оның сүт өніміне келгенде бізде кәсіптің бұл түрі кенжелеп қалған. Сондықтан мен өз ауылымда бие байлап, саумал сатумен айналыссам деймін. Қазірдің өзінде ауылдағы үлкен кісілер 18 шақырым қашықта орналасқан Жаңадарияға осы саумалды ішуге барады. Оларға саумалды бір сатып алып, жолға тағы қаражат жұмсаған тиімді емес. Ара-тұра ақсақалдар осы кәсіпті ауыл тұрғындары да қолға алса болады ғой дейтіні бар. Осы сөз менің кәсіп бастауыма үлкен себеп болды. Мал азығы мәселе емес. Тұтынушыларда жетерлік, – дейді ауыл тұрғыны.

Айта кетейік, кеше түске дейін өткен комиссия отырысында бас-аяғы 50 жоба таныстырылып, оның 20-ға жуығы қолдау тапты. Әрбір жоба авторына 1 млн 225 200 теңгеден қайтарымсыз қаражат үлестірілді.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Әркім өз міндетін білсе, мәселе туындамайды

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев «...өмір деген бұйым емес қолдағы, өмір дейтін ұлы бекет жолдағы» деп бұл фәниге кету үшін келгенімізді жырлаған еді. Бірақ табиғатымызбен, ақылымызбен мұны білсек те бұл бұлжымас шындықты ойлауға қорқамыз. Пенде шіркіннің жаны тәтті ғой, әсіресе ет жақыныңды жер қойнына беруден асқан қайғы-қасірет жоқ, сірә. Бірақ Жаратушыдан келген хабар жаратылғанның көңіл қалауына қарап тұрмайды. Дәм-тұзы таусылған жан жалған дүниемен қоштасып кете барады. Артында қайғырып жақындары қалады.

Қазақта «Жығылғанға жұдырық болма» деген сөз бар. Жығылғанның жанына демеу болудың орнына қайғысына қайғы жамау – біздің менталитетке келмейтін әдет. Бауырмалдығымен бауырына бәрін баса алатын кеңпейіл халықтың тектілігі осында болса керек. Тізе берсек, ұлтымыздың ұлы қасиеттерін айтып таусу мүмкін емес. Ал әңгімемізді бұлай бастауымыздың себебі жоқ емес. Ендеше тақырыпқа ойысайық...

Қазіргі кезде барлығы қағазға байланысты. Қағазбастылықтан арылдық дегенімізбен, көп жерде белгілі бір істі дәлелдейтін қағаз ұсынуымызға тура келеді. Бәлкім бұл қағаздардан дамушы елдердің қатарынан дамыған елдер қатарына іліксек, арыла жатармыз. Әзірге «көрпеге қарай көсілгеніміз» дұрыс. Сонымен әңгімеміздің басында тілге тиек еткен тұздығымыз адамның қайтыс болуына оралайық. Мәселен, адам қайтыс болды делік. Ол адам қайтыс болған сәтте немесе хал үстінде жатқанда бәріміздің жүгінеріміз – ақ халатты абзал жандар. Ол – даусыз дүние. Дәрігер келгенде жәрдем бере алса, құдайдың қалауымен аман қалды, болмаса арғы дүниеге жақынымыз аттанып кете барады. Бірақ «тірі адам тіршілігін жасауы» керек. Қайтыс болған адамның расымен қайтқанын дәлелдейтін куәлік аламыз тиісті орындардан. Оны ауруханада қайтыс болса, сол аурухана, үйде қайтыс болса, келіп қараған дәрігер, жедел жәрдем қызметкерлері немесе елді мекенде болса, сол ауылдың фельдшері беруі тиіс. Алайда бізде қайтыс болған адамның бақилық болғанын дәлелдеп, куәлігін ала алмай жүргендер де бар екен. Ақылға қонымсыз болар, бірақ осы мәселе бойынша біздің Қызылорда облысы 270-тен аса мәселемен республика бойынша көш бастап тұр. Қалған облыстарда 4,6 сияқты санаулы ғана жағдай тіркеліпті.

Аудандық сотта осыған байланысты семинар өтті. Семинар барысында жоғарыда айтқан статистикалық көрсеткішті күрсіне айтқан аудандық соттың төрағасы А.Мизанбаев мәселенің туындау себебін де тарқатты.

Ең алдымен мәселенің туындауына тиісті орындардың жауапсыздығы мен немқұрайлы қарауы себеп болады екен. Төрағаның сөзіне мұқият зер салған біз түпкі себеп-салдары осында екенін түсіндік. Одан кейін халықтың құқықтық жағынан, құжат жағынан сауатының сәл төмендігі істі қиындатып жатады. Енді әлгі тиісті орындардың құзіретіне жеке-жеке тоқталып өтейік. Мәселен, адам диспансерлік есепте тұратын болса немесе жергілікті жеріндегі емханада тіркеуде болса, сол жергілікті жеріндегі ауруханада немесе үйінде қайтыс болса, сол жердің медициналық мекемесі анықтаманы беруге міндетті. Науқас ауырып, жедел жәрдем шақырғаннан кейін ауруханаға жетпей қайтыс болса, сол жедел жәрдем көлігінің дәрігері науқастың диагнозын көрсете отырып, қайтыс болғанын растап анықтама береді. Ал жедел жәрдем көлігімен келіп, ауруханаға тапсырылса және осында қайтыс болатын болса, онда ауруханадағы қараған дәрігері анықтама беруге міндетті. Үй жағдайында ұйқысынан оянбай қалған немесе басқа да себептермен аяқасты қайтыс болған адамды міндетті түрде сол жердің учаскелік полиция қызметкері тексереді. Яғни адам расымен айтылған себептермен қайтыс болды ма, зорлық-зомбылықтың құрбаны болған жоқ па деген күдік сейілу үшін. Денесінде зорлық-зомбылықтың белгілері болмаса, осыны растап учаскелік полиция қызметкері анықтама жазып береді. Мұнан соң тиісті медициналық орыннан науқас есепте тұратын болса, науқастылығы жөнінде, ал аяқасты қайтыс болса, себептері көрсетіле отырып анықтама алынады. Осылайша өлім күш көрсетуден болмағанын анықтап, учаскелік инспектор анықтама берсе, мәйітті тексеру негізінде өлімді анықтаған дәрігер тиісінше анықтаманы ұсынады. Енді марқұмның жақындары осы екі анықтаманы алып, Халыққа қызмет көрсету орталығына барады, соңынан барып АХАЖ бөлімі адамның қайтыс болғанын растайтын соңғы мақұлдауды өз міндетіне алады. Яғни электронды жүйеге марқұмның қайтыс болғаны енгізіледі.

Бірақ адам баласы түрлі жағдайда қайтыс болуы да мүмкін небір ауыр қазаларды естіп-көріп жүрміз. Тіпті кейбірі өз-өзіне қол жұмсайды. Мұндай жағдайда марқұмның денесі міндетті түрде сараптамадан өткізіліп, өлімнің себептері тексеріледі. Содан соң барып заңдылықтар бойынша қайтыс болғаны туралы куәлік алынады. Ал басқа жақта тіркеуде тұратын адам өзге облысқа не ауданға уақытша келіп, сол жердегі ауруханада қайтыс болса, науқасты қараған аурухана тарапынан қайтыс болу себебі мен диагнозы көрсетіле отырып анықтама беріледі.

Тиісті мекеме, бөлім басшыларының қатысуымен өткен семинарда осы мәселе толығымен талқыланды. Бірақ жергілікті соттарға келіп түсетін арыз-шағымның түпкі себебі дәрігерлердің жауапкершіліктен қашқанын көрсетеді. Науқас аурухана төсегінде қайтыс болса да тиісті аурухана тарапынан анықтама берілмейтін жағдайлар кездескен. Соның салдарынан марқұмның жақындары шарқ ұрып, отбасындағы адамның қайтыс болғанын дәлелдей алмай әлек болады. Бармаған жері, баспаған тауы қалмаған соң амалсыз сотқа жүгінеді. Дәрігерлердің немесе аурухананың анықтама беруден жалтаруының себебі істі үлкен мәселеге айналдырып, салдарынан қарапайым халық зардап шегіп жатады. Аурухана тарапынан анықтаманы беруден жалтарудың себебі де жоқ емес. Айналып келгенде статистикаға келіп тіреледі. Яғни кім өзі жұмыс істейтін ауруханасында өлім-жітімнің көрсеткішін көп етіп көрсеткісі келеді дейсіз? Әрине осы статистиканы ойлап, көз алдында қайтыс болған, өміріне араша түсе алмаған адамның тағдырын әлекке салып қояды.

Сайып келгенде бәзбіреулердің жауапкершіліктен қашуы өзгелердің тағдырына әсер етеді. Қайдағы статистиканы, көрсеткішті ойлап жүргенде жақынынан айырылып онсызда қан жұтып жүрген жандар үшін жығылған үстіне жұдырық болары анық. Демек заңдылық бойынша адамның қайтыс болғаны туралы медициналық куәлікті дәрігер, ал ол болмаған жағдайда орта медицина қызметкері рәсімдеуі керек. Ал жауапкершіліктен қашу, бір-біріне ысырып салу тек мәселені ушықтырады. Қысқасы әркім өз міндетін білсе, мәселе туындамайды.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Ғибратты ғұмыр иесі

1969 жылдың маусым айында Мәдениет ауылындағы №32 1 май орта мектебінің 8 сыныбын бітіріп, жазғы демалысқа шығып ауылға қайттық. Жаңадария совхозының №3 фермасында шопан болып қой бағатын әкем Ұлы Отан соғысының мүгедегі Бертай Кәрібаевтың қан қысымы көтеріліп ауруханаға түсіпті. Оның үстіне соғыстың салдарынан нашарлаған екі көзіне бірдей ота жасатып, көз мүгедегін алған әкем мал бағуға жарамай қалды. Ол кезде іні-қарындастарым әлі жас еді. Оларға қарап қамқор болатын адам керек. Сөйтіп осындай жанұялық жағдайыма байланысты шопан таяғын ұстап, әкемнің еңбек жолын жалғастыруға тура келді. Ал енді мектепте оқуымды сырттай бөлімде оқып жалғастырдым.

Сонымен бір отар қой бағып, шопандық еңбек жолым басталды. Жаз жайлауда, қыс қыстауда мал бағып жүріп, әне-міне дегенше екі үш жыл уақыт өте шықты. Мектептің сырттай бөлімінде 3 жыл оқып, кәмелеттік аттестат алуым керек. 1972 жылы малымды бір кісіге тапсырып, Мәдениет совхозына алтын ұя мектебіме бардым. Ол кезде мектептің оқу ісінің меңгерушісі Тәуекел Төремұратов болатын. Өмірлік тәжірибесі мол білікті ұстаз бізге физика-математика пәнінен сабақ бергенді. Сабақта тыныштық орнатып, өзін тыңдата білетін талапшыл, қаталдау кісі еді. Енді міне, сол ағайдың қолынан аттестат алу бұйырыпты. Кабинеттің есігін қағып, рұқсат сұрап имене кірдім.

– Сәлеметсіз бе, ағай,

– О, Бертаев, келдің бе?

Мені көрген ағайым орнынан тұрып, қарсы алдындағы орындықты нұсқады. Мен орындыққа отырып жайғасқанша отбасымның амандығын, әке-шешемнің денсаулығын, шаруамның жағдайын сұрап жатыр. Аман-саулықтан соң қойған сауалы: – Алда қандай мақсатың бар?

Мен де іркіліп қалған жоқпын, алдағы жоспарымды жайып салдым.

– Ата-анамның атынан қой бағып, кезектестіріп бес-алты жылда зейнетке шығармақпын. Сосын әскер қатарында қызмет етіп келген соң жоғары оқу орнына түсіп, жуналист мамандығын алғым келеді. Ал енді үйленіп отау құру ең соңғы жоспарым, – дедім.

Әр сөзіме ден қойып тыңдаған ағайдың қатулы қабағынан жылулық байқалып, жымиып күлгендей болды.

– Дұрыс, дұрыс. Өлеңдерің мен мақалаларыңды газеттен оқып жүрмін. Әкең Бертай да ақын әрі шежіреші кісі ғой. Есіңде болсын, Ілияс Қабылов, Жақай Тайшиев, Кеңесбай Үсебаев есімді журналист, қоғам қайраткерлері сарғасқаның өстемір аталығынан тарайды. Сол ағаларыңның жолын берсін, талабың оң болсын, айналайын!

Сол күні ұстазым екеуміз ұзақ әңгімелестік. Қой бағып жүзін күн қаққан қара бала мына мендей шәкіртінің ойында жүрсін деді ме мекен, әйтеуір ұстазымның шешіліп сөйлеуін бірінші рет көруім. Қанша уақыт өткенін қайдам, кәмелеттік аттестатты қолыма алып, кәбинеттен марқайып көңілді шықтым. Ұлтына қызмет етіп, осынша ұлылықты бойына сіңіріп жүрген ұстазымның қолынан куәлік алып, ізгі тілегін естіп, көкірегімді қуаныш кернеді. Енді міне, ойлап отырсам, армандарым орындалды. «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деген даналық сөз бар. Өз өмірімде абырой беделге ие болып, жетістіктерге жетуіме білім нәрімен сусындатып, бағыт-бағдар берген ұстазымның ерен еңбегі, ыстық ықыласының ықпалы болғанын айтқым келеді.

Ұстаз – ұлы сөз. Алты алашқа ана болған, құт қонған киелі топырақта дүниеге келіп, мыңдаған шәкіртке білім мен тәрбие беріп, өмірден өз орнын табуына елеулі еңбек сіңірген ұстаздар көптеп саналады. Солардың бірі де бірегейі Тәуекел Төремұратовтың еңбек жолы Ұлы Отан соғысынан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңдерінде өтіпті.

1928 жылы Қармақшы ауданының Қарақұм жерінде дүниеге келген Тәуекел ағай осы аудандағы тоғыз жылдық мектепте оқып бітірген соң екі үш жыл қой бағып еңбек еткен. 1950-1951 жылы оқу жылында 10 сыныпты кешкі мектепте оқиды. 1951 жылы Қызылорда қаласындағы мұғалімдер институтына түсіп, физика-математика мамандығымен бірге «жеті жылдық мектеп оқытушысы» мамандығын алып шығады. 1953 жылы Макпалкөл мектебінде ұстаздық еңбек жолын бастайды. Одан кейін Жаңаталап колхозындағы орталау мектепте директор, қатардағы мұғалім болып оқушыларға сабақ береді. Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы пединститутын физика-математика мамандығы бойынша бітіріп шыққан Т.Төремұратов ұзақ жыл Мәдениет ауылындағы №32 1 май орта мектебінде ұстаздық етіп, директордың тәрбие ісі және оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін абыроймен атқарды.

Елуінші жылдардан кейін елімізде алда тұрған негізгі міндеттердің бірі жалпыға бірдей міндетті оқу заңын орындау және потриоттық тұрғыда тәрбиелеу болды. Сонымен бірге мектептер негізгі пәндерден кабинеттік жүйеге көше бастады. Жалпыға бірдей міндетті орта білім беруді аяқтау және білім беруді одан әрі жетілдіру жұмыстары жүріп жатты. Міне, осы кезеңдерде тәжірибе жинап шыңдалған білікті мамандар қатарында Тәуекел ағай да оқу-ағарту ісіне өз үлесін қосты. Қай мектепте, қай қызметте жүрсе де үнемі ізденіп, жұмысын жетілдіріп, талапшыл маман ретінде танылды. Көп жыл білім беру мекемелерінің оқу материалдық базасын нығайту, оқытудың кабинеттік жүйесіне көшу арқылы оқу тәрбие жұмысының сапасын арттыру жолында жемісті еңбек етті. Шүкір, білім саласындағы ерен еңбегі ескерусіз емес.

1977 жылы 21 шілдеде «Қазақ СССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» белгісімен, 1986 жылы 16 желтоқсанда «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды. 1957 жылы халық сеніміне ие болып, Калинин ауылдық кеңесіне депутат болып сайланды. Білім саласының ардагері, ақылшы ұстаз Тәуекел ағай жұбайы Мамбетова Қарашаймен отау құрып, қырық жылдан астам тату-тәтті ғұмыр кешті. Батыр ана Қарашай апай екеуі 9 баланы дүниеге әкеліп, ел қатарына қосты. Ұстаз ұрпақтары уақыт талабына сай еңбек етіп, өсіп өркендеп келеді. Жуырда Мәдениет ауылында жетпіс бірдің түлектері кезінде сынып жетекшісі болып, сабақ берген ұстаздары Тәуекел Төремұратов пен Түлкібек Қаражігітовке арнап олар тұрған үйлерге ескерткіш тақта орнатты. Еңбегімен есінде сақтаған шәкірттері барда ұлағатты ұстаздардың тағылымды өмір жолы қашанда кейінгі буынға үлгі болып қала береді.

Серік БЕРТАЕВ,
ардагер журналист

Пенденің қандай амалы да оның ниетіне қарай жасалады және түбінде сол амалы иесіне айналып соғады. Бұндайда қазақ "жақсылық қылсаң, өзіңе, жамандық қылсаң, өзіңе" дейді. Яғни дұрыс амалдың да, бұрыс амалдың да сауабы мен обалы сол амалды жасаушының өзіне тиеді.

Иманды өз жүрегіңнен ізде

Қазірде көпшілік ортада діни тақырып қозғалғанда жиналғандар бір-бірімен жаға жыртысуға дейін баратынына талай куә болып жүрміз. Әсіресе "жанымды Алланың жолында құрбан етуге даярмын" дейтін әсіредіншіл жастар ондайда сөзге қонақ бермейді.

Қозғағалы отырған тақырыбымыз да осы төңіректе. Намазға жығылған жастардың көбі жаңа танысқан адамынан ең алдымен "намазда барсың ба?" деп сұрайды. Әлгі кісі намаз оқымайтынын айтса, "астапыраллалап" шоршып түсіп, оған жат планетадан келген келімсектей шошып қарайды. Содан соң шариғат жолын бастайды. Қарсы уәж айтқысы келгендердің сөзін шорт үзіп тастайды. Тіпті төбелесуге дейін барады. Шын мұсылманның сипаты оның көркем мінезі, ал көркем мінездің көрінісі сабыр екенін жиі айтып отырушы еді бұрынғылар.

Амал не, қазіргі дінге бет бұрған жастардың сиқы осындай. Жә, мұсылман болу әсте-әсте деген ғой. Оның үстіне көштің жүре түзелетіні және бар. Алғашында мешітке барып, жұма намазға қатысып, жамағатпен бірге Аллаға қол жайған жастарды көргенде үлкендер "дініміздің шырағы қайта тұтанды, жастардың жүрегіне иман ұялады" деп қуанғаны рас. Бірақ шетелдік мысықтілеу миссионерлер асыл дінімізді де саясат ойындарына пайдаланғанын кеш білдік. Соның нәтижесінде әлгі жастардың көбі мұсылманшылдықты өз жүрегінен емес, біреудің болмысынан, іс-әрекетінен сөзінен іздеп, отбасынан, туған-туысынан алыстап, тіпті оларға жауыға бастады. Иман өлшемін жүректің емес, көздің безбеніне салып салмақтағаннан адасып, өзге ағымдардың жетегінде кетті. Әйтпесе мешітке барып имамға ұйып, басқа жерде жиылған жұртқа әлгіндей мінез көрсету шын мұсылманға жат қылық емес пе?!

Айта кеткен жөн, сол жастардың бойындағы агрессия Алланың хақ екенін дәлелдеудегі жанкештілік емес, тек естіген уағыздарынан қалыптасқан өз түсінігін дұрысқа шығарып және соны қалайда қорғап шығудағы жанталасы. Әрине "Алланың өзі де рас, сөзі де рас". Көктен жіберілген қасиетті кітап Құран мен пайғамбарлардан қалған сақих хадистер адамзат баласының жан әлеміне ізгілік нұрын таратты. Алайда әр адам оны өз өресіне қарай қабылдайды. Алланы тану және оған жақындау тек бет-жүзің мен сыртқы пішініңді өзгертумен шектелмейді. Қазақ баласы Аллаға пайғамбарлардан басқа Абайды, Шәкәрімді, Мәшһүр Жүсіпті оқып, сіңіріп, жақындауға да болады. Бірақ бір өкіністісі, көп мешіттерде айтылатын уағыздардан Исламның таралуына үлес қосқан осы данышпандардың артында қалған сөзі түгіл, есімдері де аталмайды. Пенде баласына тумақ – парыз, өлмек – сүннет. Ол бүгінде биологиялық заңдылыққа айналып кеткен. Туатынын және өлетінін бәрі біледі. Бірақ имамдар жиі айта беретін жәннат пен тозақ қазіргі жастардың санасына әбден сіңіп қалған. Әлгі әсіредіншіл жастарға жанап кетсең болғаны, жәннатпен қуантып, тозақпен қорқытады.

Дін – адам иманының күзеті. Яғни адамдық ар-ұятының ұстыны. Бірақ адамзат XXI ғасырда өмір сүріп жатыр. Өмір мен өлімнің, яғни талбесік пен жербесіктің аралығындағы уақыттың адам баласы білуі, көруі тиіс таңғажайып сырлары, адамның жас кезеңдеріне қарай атқаратын міндеттері, көретін қызықтары бар емес пе?!.

Бұрынғы бабаларымыз исламның шарттарын балиғат жасынан орындап, бес парызын өтегенімен алқалы топта дін тақырыбын тарқатпаған. Алдында ақсақалдар мен молдалар, дін ғұламалары отырғанда жастардың жағаласпағаны жарасымды емес пе?! Ал қазір мешітке бір кіріп шыққан баланың өзі намаз оқымайтын әкесін кәпір санап, атасына уағыз айтатын жағдайға жетті. Бұл – баланың емес, ата-ананың қателігі. Баланың дүниетанымы отбасынан қалыптасады. Дастархан басында отбасындағы үлкендерден адамгершілікке, әдептілікке, еңбекқорлыққа, ерлікке құралған аңыз-әпсаналар естіп өскен бала есейгенде жолынан жаңылмайды.

Қуат АДИС

Алаяқтан сақ болыңыз

Алаяқтық – Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық көзделген алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін жымқыру немесе мүлікке құқықты иемдену арқылы жасалатын қылмыс. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, аймағымызда алаяқтыққа қатысты тіркелген қылмыс өткен жылдың 6 айымен салыстырғанда 37,5 пайызға, яғни 8-ден 5-ке азайған. Бұл алаяқтық қылмыстардың барлығы интернет арқылы жасалған. Қазіргі таңда алаяқтар күн сайын интернет желісінде өз кеңістігін кеңейтуде.

Алаяқтар «Facebook», «Instagram» әлеуметтік желілерінде «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы (бұдан әрі Компания) атынан парақшалар ашып, онда мұнай сатудан тез пайда табуға болатыны туралы жалған ақпарат таратып, өздерінің қылмыстық ойларын жүзеге асыруда. Ал шын мәнінде Компания Қазақстан азаматтарының қаржысын ешқандай инвестициялық жобаларға тартуға шақырмағанын, бұл жарияланған жарнамалардың барлығы жалған екенін көрсетуде.

Сонымен бірге Компания өз қызметі туралы барлық ақпаратты ресми сайтында, сондай-ақ «YouTube, «Facebook», «Instagram», «Telegram» әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында ғана жариялайтыны көрсетілген.

Мысалы, 21.06.2022 жылы аудандық полиция бөліміне кент тұрғыны «Т.Қ.» есімді азамат арызданып, онда «Instagram» әлеуметтік желісі арқылы «ҚазМұнайГаз» ҰК атынан мұнай сатудан тез пайда табуға болатыны туралы хабарламаға сәйкес, өзінің 4,5 млн теңге ақшасын белгісіз бір есеп шотқа аударып, алаяқтардың құрбаны болғанын баяндаған.

Осыған сәйкес, аудандық полиция бөлімімен белгісіз адамға қатысты ҚР ҚК-ның 190-бабының 3-бөлігінің 4-тармағымен сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталып, қазіргі таңда тергеп-тексеру жүргізілуде.

Сондықтан мұндай жағдайларда азаматтарға қырағы болуға және өздерінің жеке деректерін үшінші тұлғаларға хабарламауға, интернет-алаяқтардан қауіп төндірмеу үшін тиісті тексерусіз бөтен адамдарға ақша жібермеуге кеңес беріледі.

Жалағаш аудандық прокуратурасы

Таным

Өмірде талай жандармен кездесесің. Бір көргеннен жылы қабақ танытып, жаныңа шуақ төккен кісі болса, есіңде қалады. Құдды тағдыр сәтті табыстырғандай күй кешесің. Ал бәзбіреулерді тез ұмытасың. Оған мінезін байқап қалсаң, онымен қайта жүздесуді көңілің қаламайды. Бұл менің ғана емес, көптің басындағы жағдай болар?!

Қалдырған ізі мәңгілік

1971 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтын бітіргесін, облыстық оқу бөлімі жолдаманы өз ауданым Жалағашқа берді. Аудандық оқу бөлімі меңгерушісінің (ол жылдарда осылай аталатын.Т.Е.) қабылдауына келдім. Шашын тықырлап алып тастаған, ашаңдау жүзді қырықтың қырқасына шыққан кісіні бірінші көруім еді. Бұған дейін Жалағаш аудандық партия комитетінің үгіт-насихат бөлімін басқарған, бір жыл бұрын осы қызметке тағайындалған Зияда Ижанов деген басшы екен.

– Тыңдап отырмын, айта бер, – деді ол.

Мен сәл-пәл мүдірдім, білемін.

– Қысылмай-ақ қой, оқу бітіріп келдің ғой шамасы, – деп күлімсіреді.

Әдепкіде салқын көрінген меңгерушінің жүзі әп-сәтте жылыұшырағанын байқаған мен құжаттарымды ұсындым.

– Қайда барғың келеді, – деген сұрағына:

– Мүмкін болса, өз ауылыма жіберсеңіз, – деп жауап қайырдым да, бүгін келе алмаған, педучилищенің «мектепке дейінгі тәрбие» бөлімін бітірген жұбайым бар екенінен хабардар еттім.

– Е, әуелі келіншегіңнен бастамайсың ба, Таң ауылындағы 50 орындық балалар бақшасында маман тәрбиеші жоқ, аты-жөні кім?

– Орызымбетова Зияда...

Зәкең сәл кідіріп қалды да:

– Мұндай есім сирек, бірақ ер балаға да, қыз балаға да қойған ғой, менімен аттас екен, ертең ертіп кел, екеуіңе де бұйрық беремін, – деді.

Мұндай қуанбаспын... Ертесіне біріміз №118 «Таң» орта мектебіне, біріміз балалар бақшасына бұйрық алдық.

Өзі қызметке қабылдаған жас кадрлардың «аяқ алысын» бақылап жүретін басшылар болады, Зияда Ижанов осындай адам екен. Ауданға барып-келіп жүрген директорым Қайырберген Әбдиев: – Сені «Завраймоно» сұрады, қандай қатысың бар? – дейді...

Ұстаздық қызметке бар ынта-ықыласыммен кірістім. 1973 жылы аудандық сырттай оқу орта мектебінің өз мектебімдегі кеңес беру пунктіне меңгеруші болдым.

Ұмытпасам 1974 жылдың көктемі болатын. Мұғалімдер бөлмесінде отырғанмын, «директор тез шақырып жатыр» дегесін келсем, Қайырберген ағай кабинетіндегі телефон тұтқасын көтеріп ұстап отыр екен, маған бере қойды. Ар жақтан: «Тимоша» деген дауыс естілді.

– Тыңдап тұрмын аға.

– Машинаң жүріп тұр ма?

– Жүріп тұр.

– Онда бір сағаттың көлемінде маған жет, қонақ күтіп аламыз, түсіндің бе?

– Түсіндім.

Ол жылдары аудандық оқу бөлімінде қызметтік көлік жоқ. Кеңшарда ірі қара бақташысы болып істейтін әкем Әубәкір Есжановқа бәйгеге берген «Москвич-412» жеңіл көлігім бар еді. Аудан орталығы Жалағашқа қарай зуладым. Келсем, Зәкең күтіп отыр екен. Тереңөзек бағытына қарай тезелдете жүріп, екі ауданның шекарасына келіп тоқтадық. Біршама уақыт өткенде тұсымызға «Волга» машинасы келіп тоқтады. Бұл облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі (сол жылдардағы қызметтк атау.Т.Е.) Уәли Төрәлиев болатын. Уекең жай, асықпай сөйлейтін сырбаз кісі көрінді. Зияда ағамыз «Волгаға» жайғасты да, маған: – Соңымыздан еріп отыр, – деді. Қазіргі Бұқарбай батыр аулының үстімен Еңбекке қарай тарттық.

Ұлы сәскеде осы ауылдағы №232 орта мектепке жеттік. Мектеп директоры Кенжебай Қайнарбаев алдымыздан шықты. Екі бастық мектепте бір сағаттай кідірді. Түс болды. Кенжекең шайға шақырды. Жас шамалары бір-бірінен алшақ емес үшеуінің әңгімелері жарасым тапты... Үлкен табақпен қазақтың кәделі асы келді.

Кенжекең турауға ыңғайлана баргенде: – Ағай, мен турап берейін, – дедім. Ағай дейтінім, жоғарыда айтқандай, Кенжебай Қайнарбаев №34 «Иіркөл» орта мектебінде оқу ісінің меңгерушісі әрі бізге тарихтан сабақ берген.

– Темірбек менің оқушым әрі інілігі бар, – деді үй иесі.

Үлкен қонақ сәл бас изегендей болды. Еңбектен шыққан соң Мәдениет кеңшарындағы №32 орта мектепке соғып, одан әрі Мақпалкөлдегі №117 мектепке бардық. Кештете Төрәлиевті алғашқы күтіп алған жерге дейін шығарып салғанбыз. Екі басшы аулағырақ барып сәл-пәл сөйлесті...

Ижановты үйіне жеткізіп салып, түннің бір уағында ауылға қайттым...

1975 жылы мені аудандық оқу бөлімі директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары, ал 1978 жылы оқу ісінің меңгерушісі етіп тағайындады. 1980 жылдың тамыз айының ортасында мені Ижанов шақырды.

– Сені Қазақстанның ХХ жылдығы бөлімшесіндегі №122 орта мектепке ауыстырғым келеді. Мектеп директоры Шахман Елубаев көбірек науқастанып жүр, мектепті қолыңа ал. Ал жолдасыңа сол ауылдың балалар бақшасына меңгеруші етіп бұйрық беремін, – деді.

– Үйдегілермен ақылдасайын, – дедім тосын сұраққа нақты жауап бере алмай...

– Сен біраз тәжірибе жинадың, енді сыртқа да шығып көр. Болашақ керек емес пе? Оның үстіне ер азаматтың өз тағдырын өзі шешкені мақұл, әңгімені қой, – дегесін келістім.

Сөйтіп осы күнгі Мырзабай ахун ауылына қоныс аудардық. Екеуміз де абыройсыз болғанымыз жоқ. Ұзақ науқастанып, емделіп жатқан директордың міндетін атқардым. Балалар бақшасының меңгерушісі болған жолдасым Зияда Оразымбетова 1981 жылы ауылдық кеңестің депутаттығына сайланды.

...Ижановтың тікелей басшылығымен 1973 жылдан бастап аймағымызда алғашқылардың бірі болып Жалағаш ауданы оқытудың кабинеттік жүйесіне көше бастады. Мектептерде физика-математика, химия-биология, тарих-география және тіл кабинеттері жабдықталды.

Онан кейінгі жылдары алғашқы әскери даярлық пәніне мән берілді. Барлық мектептерде жерасты жабық атыс тирлері жасалды. Осы жұмыстарға байланысты аймақтық семинар-кеңестер ұйымдастырылды.

Зәкең мектептерді жиі аралайтын. Тазалықты жаны сүйетін. Мектеп пен оның ауласын таза ұстауға тырысатынбыз. Саялы ағаштар отырғызуға көңіл бөлінді. Бұл жұмыстар Ижановтың көзінен таса қалмайтын. Әсіресе Жалағаш кентіндегі Әли Еркебаев басқаратын №202 орта мектеп, Ақсу ауылындағы Қожабай Бақбергенов басқаратын №116 орта мектеп, Аққұм ауылындағы Әлихан Меңлібаев басқаратын №38 орта мекеп ерекше көзге түсті. Аталған мектептердің озат тәжірибесі облыс мектептеріне таратылды...

1982 жылы желтоқсан айының соңғы күндерінің бірінде мені аудандық партия комитетіне шақырды. Партиялық-ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі Шыңғыс Айбосынов қабылдап, Таң кеңшары кәсіподақ комитетінің төрағалығына баруға ұсыныс жасады. Шығып келе жатқанымда Ижанов кездесті.

– Жәй жүрсің бе, – деді Зәкең

Мен себебін айттым.

– Өзің біл, сені жібергім келмеп еді...

Енді мүлде басқа сала, өзімнің туған ауылымның кәсіподағын басқару бұйырды.

Ауданда өтетін түрлі жиындар мен жиналыстарда Зәкең кездескен сайын: – Тимоша жағдайың қалай, – деп сұрайтын.

– Рахмет аға, жақсымын, – дейтінмін мен.

«Кәсіподақ – коммунизм мектебі» деген қағиданың нық қалыптасқан жылдары еді ол кезең. Жұмысшы-қызметкерлердің мүддесін қорғайтын, қажетті жағдайда шын жанашыр болатын кәсіподақ қызметі маған үлкен серпіліс берді. Көппен араластым. Қоғамдық-идеялық жағынан шыңдала түстім. Ауылдық кеңестің депутаттығына сайландым. Сырттай оқып, ауыл щаруашылығы техникумын бітіріп алдым.

1987 жылы «Таң» ауылдық кеңесі атқару комитетінің төрағасы болып сайланғанымда Зияда ағаның арнайы келіп құттықтап кеткенін қалай ұмытарсың?! Енді сәл шегініс жасап, Ижановтың өмір дерегіне тоқтала кетейін...

Зияда Ижанов 1929 жылы Жалағаш ауданының Аламесек ауылында туған. 1950 жылы Қызылорда мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетін бітірген. 1950-1953 жылдары жолдамамен барып, Атырау облысының Новобогат ауданында мұғалім, мектеп директоры ретінде абыройлы қызмет еткен.

1953-1956 жылдары Жалағаш ауданы орталығындағы №31 Сталин атындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі болады. 1957-1970 жылдары аралығында Жалағаш аудандық партия комитетінде саяси-ағарту кабинетінің меңгерушісі, нұсқаушы, үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі, ал 1970-1988 жылдарда табан аудармастан 18 жыл бойы аудандық оқу бөлімін басқарды. Ауыр да абыройлы саланы 18 жыл басқару дегенің екінің бірінің қолынан келе бермейтіні анық, ал Ижановтың қолынан ол келді. Зәкең тәртіп пен талапты ұштастырған басшы болды...

...1993 жылдың қараша айы болатын. Аудандық пошта ғимаратында облыс әкімі Сейілбек Шаухаманов селекторлық жиналыс өткізген. Аймақ басшысы Жалағаш ауданы бойынша кеңшар директорларының хабарламасын кезек-кезек тыңдап, нақты тапсырмалар берген. Мен Таң кеңшарының директоры едім. Қас қарая жиналыс аяқталып, директорлар дайын тұрған көліктеріне асыға отырып, кетіп жатты. Қызметтік көлігіне келсем, жүргізушім Нартаймен бір кісі сөйлесіп отыр. Қарасам, Зияда Ижанов.

Зәкеңнің Атырауға қоныс аударып, көшіп кеткеніне де 4-5 жылдың жүзі болған. Ұстаздардың ұстазы, менің өмірлік жолымда түзу бағыт беріп, қамқорлық танытқан ағамызды құшақтай алдым. Хал-жағдай біліскен соң, үйге апарып қонақ етіп, ертеңгілік баратын жеріне жеткізіп салғым келді. Мұны айттым да. Бірақ Зәкең: – Пейіліңе рахмет! Бүгін Ақарықтағы ағаның үйіне соғып, ертең ертелетіп қайтуым керек. Сені күтіп отыр едім ғой, – деді.

Зәкеңді аудандағы кеңшардың барлық директорлары сыйлайды, аға тұтады. Қай-қайсысы да баратын жеріне жеткізіп сала алады. Тіпті өзінің туған ауылы саналатын Ақарықтың директоры Мұстафа Мамытовқа ілеспей, менің қызметтік көлігіме келіп отыруы ағамыздың шын ықыласы деп түсіндім.

Ақарыққа қарай жол тарттық. Зәкең аудан жаңалықтарын, жекелеген азаматтарды сұрастырып отырды... Менің есіме сонау 1971 жылы, яғни 22 жыл бұрын осы кісінің алдына барып, алғашқы ұстаздық жолыма пәрмен алғаным түсті. Мектептің қатардағы мұғалімінен бір елдің басшысы, кеңшар директоры дәрежесіне дейінгі қызмет жолынан өтуіме Зияда Ижановтың да үлесі бар ғой деген ой мені ризашылық сезімге бөлеп келе жатты... Бұл асыл ағаны соңғы көруім екен...

Осы мақаланы баспаға дайындау барысында Зәкең жайлы қосымша мәліметтер іздестірдім:

Зияда Ижанов 1992-2004 жылдары әуелі Маңғыстау облысының мұрағатында, одан кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұрағатында мұрағатшы-аудармашы болыпты. «Әуезов және мұрағат» жинағы мен «Махамбет энциклопедиясын» құрастырушылардың бірі. «Қаһарлы 1916 жыл» атты кең көлемді еңбек және «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттерінің тарихи шежіресін жазған. Сондай-ақ «Ашық сабақтар» атты кітаптың авторы екенін білдім. 2004 жылдан өмірінің соңына дейін, яғни 2006 жылға дейін «Ана тілі», «Өлке» баспаларында редакторлық қызмет атқарыпты.

Еңбекқор, ізденімпаз, білімі де, өмірлік тәжірибесі де мол Зәкеңнің өзіне сеніп тапсырылған қай жұмысты да абыроймен атқарып кеткені сөзсіз. Бүгінде Жалағаш кентінде Зияда Ижановтың атында көше бар.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі

Моральдық зиянның құны ақшалай өтеледі

Дүние жүзіндегі демократиялық мемлекеттердің қай-қайсысын алып қарасақ та, адам құқығын қорғау мәселесі бірінші орынға қойылады. Біздің елімізде де дәл солай. Ата Заңымызда «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылуы осы сөзіміздің дәлелі. Осы орайда еліміз тәуелсіздік алып, шаңырағын тіктегелі азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудың барлық тетігі жасалып, әлемдік стандарттарға сай келетін сот жүйесі қалыптасты. Әрине қоғам болған соң дау-жанжалдың орын алуы қалыпты құбылыс. Мәселен, бүгінде тәжірибе көрсеткендей, сотқа моральдық зиянды өндіру үшін жүгінетіндердің қатары артып келеді.

Моральдық зиян дегеніміз азаматтың өзіне тиесілі өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарының заңға қайшы бұзылуының, кемсітілуінің, олардан айырылуының нәтижесінде туындаған жан тән азабы болып табылады. Ал жан азабы бұл адамның түрлі басынан кешкен қорлануына, ызалануына, қысым жасалуына, ашулануына, ұялуына, түңілуіне, залал шегуіне, қолайсыз жағдайда қалуына және т.б. қатысты сезімі болса, тән азабы күш қолданылуына немесе денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты азаматтың сезінетін тән ауырғаны.

Мұндай жағдайда өзіндік құқықтары бұзылған кез келген жеке тұлғаның моральдық зардаптарын өтетуге құқығы бар. Мүліктік емес өзіндік құқықтардың қорғалуын азаматтық іс жүргізу заңдарында көзделген тәртіп бойынша сот жүзеге асырады. Моральдық зиянды өтеу зиян келтірушінің кінәсі анықталған кезде жүргізілетінін атап өткен жөн. Сотқа жүгінген әрбір талап қоюшы талап қоюда оның өзіндік мүліктік емес игіліктері мен құқықтарының бұзылуының мән-жайларын көрсете отырып, нақты дәлелдемелерін келтіріп, моральдық зиянды өтеуді қамтамасыз ететін өтемақы сомасын көрсетуге міндетті.

Мәселен, азаматтық кодекстің 9, 141-баптары мен басқа да заңдарға сәйкес, сот өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтарды қорғауды моральдық зиянды өтеу арқылы жүргізеді. Кодекстің 187-бабының 1-тармақшасына сәйкес, моральдық зиянды өтеу туралы талаптарға заңнамалық актілермен көзделген жағдайлардан басқа кездерде талап қою мерзімі қолданылмайды.

Тағы бір ескере кететін жайт моральдық зиян тек ақшалай нысанда өтеледі. Ал осы моральдық зиянның мөлшерін анықтаған кезде азаматқа келтірілген жан мен тән азабының ауырлығы, дәрежесі, өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың өмірлік маңызы, зиян келтірушінің кінәсінің түрі назарға алынады. Өз кезегінде сот өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып анықтайды. Ақшалай өтемақының мөлшері құқыққа қарсы әрекет жасалғаны үшін және оның зиян келтірушіге келтірілген салдары үшін жауапкершілік шарасы болып табылады. Сонымен қатар мемлекеттік органдардың заңнамалық актілерге сәйкес келмейтін актілер шығаруының, заңсыз соттаудың, заңсыз қылмыстық жауаптылыққа тартудың және өзге де жағдайлардың нәтижесінде азаматқа келтірілген моральдық зиян мемлекеттік қазына (республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты) есебінен зиян келтірушінің кінәсіне қарамастан өтеледі.

АК-ның 917-бабының 1-тармағына сай, моральдық зиянды құқыққа қарсы (қасақана немесе абайсыздықтан) жасаған әрекетімен (әрекетсіздігімен) келтірген тұлға оны толық көлемінде өтеуге тиіс. АК-ның 952-бабының талаптары бойынша моральдық зиян ақшалай нысанда өтеледі. Осы ретте сот өтемақы сомасын ақыл-парасаттылық пен әділдік өлшемдерін негізге ала отырып анықтайды.

Бірінші сатыдағы сот өндірген моральдық зиян өтемақысының мөлшері, егер бұл мөлшер аталған талаптарға сәйкес келмейтін болса, жоғары тұрған сот сатыларында қайта қаралуы мүмкін. Соттар моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде азаматқа келтірілген жан мен тән азабының ауырлығын, оның субъективтік бағалануын, сондай-ақ осы жағдайларды куәландыратын объективті мәліметтерді, атап айтқанда:

- өзіндік мүліктік емес игіліктер мен құқықтардың (өмірі, денсаулығы, бостандығы, тұрғын үйге қолсұқпаушылық, жеке және отбасылық құпиясы, ар-намысы мен қадір-қасиеті және т.б.) өмірлік маңызын;
- жәбірленушінің басынан кешірген жан немесе тән азабының дәрежесін (бас бостандығынан айырылуы, дене жарақаттарының келтірілуі, жақын туыстарынан айырылуы, еңбек қабілетін жоғалтуы немесе оның шектелуі және т.б.);
- моральдық зиянды өтеу үшін қажет болып табылатын зиян келтірушінің кінәсінің түрін (пиғыл, абайсыздық) назарға алуы қажет.

Сот моральдық зиян өтемақысының мөлшерін анықтаған кезде іс материалдарымен бекітілген басқа да мән-жайларды, атап айтқанда, жәбірленушіге келтірілген моральдық зиян үшін жауаптылыққа тартылатын адамның отбасылық және мүліктік жағдайын назарға алуға құқылы.

Б.ИСАҒАБЫЛОВ,
аудандық соттың бас маманы, ҚР Заңгерлер Одағының мүшесі

Қатердің алдын алған абзал

Қалада балалардың жарақат алуы мен өліміне әкеліп соғатын негізгі себептердің бірі – терезеден құлау оқиғасы. Көп жағдайда 2 жастан 7 жасқа дейінгі балалар терезеден құлау қауіп-қатеріне жиі ұшырайды, бұл жастағы балалар терезе алдында ойнаудың қаншалықты қауіпті екенін түсінетін жаста емес.

Көп жағдайда балалардың құлауы олардың ата-анасының қарауынсыз қалуы себебінен орын алады. Қасіреттің алдын алу үшін құтқарушылар кішкентай балаларды жалғыз қалдырмауға кеңес береді. Сонымен бірге барлық жиһаздарды бала терезе алдына шыға алмайтындай етіп, терезе жанынан алшақ қоюды ұсынады.

Терезедегі москиттік торларға сенбеу керек. Олар құлаудан сақтауға арналмаған. Керісінше москиттік тор қайғылы жағдайдың орын алуына әкеліп соғады, балалар москиттік торларды қауіпсіз деп ойлайды және терезеге сүйенгендей, сол торларға сүйенеді. Ең сапалы тордың өзі баланың салмағы мен қысымды көтере алмайды. Егер балаңыз бөлмеде болса, терезені және балкон есігін ашпаңыз. Жоғары желдеткіштерді немесе тік желдету режимін пайдаланыңыз. Бала терезені өз еркімен аша алмау үшін терезеге арнайы бекіткіштер орнату қажет.

Егер сіз балаңызға терезеден бір нәрсе көрсететін болсаңыз, оны мықтап ұстаңыз, баланың шұғыл қимылдарына дайын болыңыз, алақанды құрғақ ұстаңыз, баланы киімнен ұстамаңыз. Балаларға қауіпсіздік сабақтарын үйретіңіз. Балалардың үлкендерін өзінен кішілеріне қарауға үйретіңіз.

Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі

Әдеп

Термеден тәлім алмаса...

Такси болмаған соң, қаларалық қоғамдық көлік іші лық толған. Бір қартаңдау кісі мінді. «Кешке қалып қоймайын, бір орын табылар» деді сенімді дауыспен. Бірақ әлгі кісінің сенімі ақталмады. Жастар орын бере қоймады. Алдында отырған жас келіншек міз бақпады. Автобустың артында отырған екі қыз бала орындарынан тұрып, «аға, мына жерге отырыңыз» деп сыпайылық көрсетті. Алғашында артқы орындықтарды жайсыз көргенімен амалсыз жайғасты. Сол кезде алдында отырған бір апамыз орнынан қозғалмаған жас келіншекке оқты көзін қадады. «Сен неге үлкен кісіге орын бермейсің? Тәрбиесіз». Әрине ол кісі бұл сөзді дауыстап айтқан жоқ. Бірақ сол сәттегі көзінен осы сөзді анық оқуға болатын еді...

Өткен ғасырларда өмір сүрген жыраулардың қаламынан туған қандай жырды оқысаң да тұнып тұрған тәлім. Соның ішінде Сыр сүлейлерінің арасында шоқтығы биік екі алып бар. Олар – халық «Балқы Базар» атап кеткен жырау Базар Оңдасұлы мен даңқты шайыр Тұрмағамбет Ізтілеуұлы. Бір заманда өмір сүрген осы екі жыр дүлділінің туындылары бүгінде ұлтымыздың жауһарына айналды. Әрине сөз ұғатын құлақ және оны сіңіретін сана болса.

Балқы Базар:
Ханның бағы таярда,
Дұшпаны сырттан көбейіп,
Жанашыр досы аз қалар.
Бидің бағы таярда,
Үлгілі сөзден айырылып,
Әркімнің мінін қазбалар.
Байдың бағы таярда,
Танабын құдай тарылтып,
Қасынан қоңсы қозғалар.
Дүниені дос көріп,
Жиғаныңменен тірнектеп,
Өлгеніңде үстіңе,
Киерің үш қат бөз болар, – деп толғанып, қу дүниенің сағымына алданып, өмірін босқа өткізіп алатын пенде баласына философиялық ой салса, Тұрмағамбет:

Болсаңдар балаларым хатқа ұста,
Төрден жай аларсыңдар тұрмай тыста.
Төр түгіл төменнен де тимейді орын,
Жүрсеңдер жалқаулықпен жазы-қыста, – деп жас ұрпақты білім алуға, ғылым, өнер үйренуге шақырады. Бұдан бөлек шайырдың төрт қатарлы рубайларының өзі Абайдың бір қара сөзінен кем түспейді. Мәселен, мына шумаққа зер салыңызшы:

Есерлік естен кетпес жасыңдағы,
Бақытты білу қиын басыңдағы.
Ерттеулі белдеудегі бедеу аттай,
Інiңнің қадірін біл қасыңдағы.

Інісі ағасының жағасынан алып, ағасы інісінің аяғынан шалған бүгінгі қоғамның «дертіне» шипа болар шумақ қой.

Бірде Базар жырау бүгінде көрші өзбек елінің тереториясында қалып қойған Тауелібай еліне қарай жолға шығыпты. Базардың сапарлайтынын күні бұрын естіген бір қарақшы соңынан ілесіпті. Бар мақсаты: елдің алақанында болған жырауды өлтіріп, астындағы сүліктей қара жорғасын иемдену болыпты. Қызылқұмның іші. Өзінен басқа тірі жан жоқ. Ауылдан ұзай бере Базар иығынан домбырасын алып көмейін шіреп тұрған жыр тығынын ағытады. Сексеуіл мен селеуді тасалап, ұрымтал сәтті күтіп келе жатқан қарақшы жыраудың дауысы естілгенде сәл тежеліп «Ақырғы мәрте жырлап қалсын. Бұзбайын. Қазір болса да өледі ғой», деп ойлап ілесе беріпті. Базардың домбырасының үні мен дауысы қосылғанда бүк түсіп жатқан иен даланың тамырына қан жүгіртіпті. Сөздерінің иінінен де, түйінінен де тәлім төгіледі. Анасынан қан уыстап туған қабағы қатулы қарақшының сәлден соң жүзі жылып, көңілі босап, жүрегі жібей бастапты. Екінші жырды да соңына дейін тыңдапты. Одан әрі үшінші, төртінші жырға ынтыға құлақ төсепті. Сөйтіп жүріп Жалпақтаудан өтіпті, Тамдыбұлаққа жетіпті. Жырауды ол жақтағы қалың қазақ құрақ ұшып қарсы алып, қадірлеп төрінде күтіпті. Әлгі қарақшы ымырт үйірілгенде ауыл шетіне атын байлап, Базар түскен үйге келіпті. Жиылған жұрт әңгімеден бір сәт дамылдағанда алқалаған көптің ортасына имене шығып, Базардың алдына келіп кешірім сұрапты. Өзінің арам пиығылынан жыраудың тәлімдері арқылы тиылып, жүрегі тазарғанын айтып, қарақшылық өмірді қоямын деп ант етіпті. Расында кейіннен сол жігіт жырауға атқосшы болыпты деседі...

Әлгі автобустың жүргізушісі жолаушылар үшін Сыр сүлейлерінің термесін қосты. Жастар жағы тыжырынып, құлаққаптарын іздеп кетті. Үлкен кісілердің өзі «даңғырлатпай дауысын бесеңдетші» деп жақтырмай қалды. Тіпті бір егделеу әйел жүргізушіге «Қайрат Нұртастың әндері жоқ па?» деп қалды. Ал біз терме тыңдамайтын қоғамнан, тұнық тұмадан сусындамаған ұрпақты орын бермегені үшін кінәлап, тәлім-тәрбие талап етіп жүрміз...

Қуат АДИС

Дербес мемлекет болғаннан кейін Қазақстан Республикасының шынайы рухы мен қуатын, мақсат-мүддесін танытатын әнұран қажет болды. Бұл ретте әрине қанша жобалардың ішінен өзімізге жақынын таңдап алып, шырқап жүрдік. Ал қазіргі Жұмекен Нәжімеденов пен Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзіне жазылған, Шәмші Қалдаяқовтың әні Қазақстан Әнұраны ретінде шырқалып келеді. Халықтың елдігін танытып, даланың жырын жырлаған әннің Әнұранға айналуы тарихтағы үлкен өзгерістердің бірі болды деуге болады.

Азаттықтың айғағы, тәуелсіздіктің тұғыры

Мыңжылдықтар тоғысар тұста тәуелсіздік таңын көру бақыты бүгінгі ұрпақтың пешенесіне жазылды. Тәуелсіздік – бейбіт елде, бірлік пен берекені сақтай отырып, бір шаңырақ астында күн кешіп отырған ұлттар мен ұлыстардың бағына бұйырған тәңірдің сыйы. Біз дәл осындай сезімді тура отыз жыл бұрын бастан өткердік. Ол кезде тіпті азаттықтың ата-баба арманы екенін, оған қалай жеткенімізді, қанша қан төгіліп, қандай нәубеттер ел басына келгенін еске алып, толқымаған, көзіне жас алмаған жан болмады. Шіркін, бостандықтан асқан бақыт, еркіндіктен биік құндылық жоқ шығар. Дәл сол тұстан бастап қазақ даласында өзінің шекарасы бекітіліп, көк туымыз желбіреп, елтаңбамыз еңсе тіктеп, әнұранымыз қалықтаған еді.

Жалпы Әнұран азаттықтың айғағы, тәуелсіздіктің тұғыры. Әр елдің егемендік жолындағы тарихында, өмірлік толқуларында ерекшелігімен, мазмұны жағынан сол халықтың болмысын ашатын, әлем сахнасында қалықтата шырқайтын гимні бар. Бірақ бұлардың барлығы әр ұлттың болмысымен біте қайнасып жатқанымен әртүрлі болып келеді. Иә, әр ұлттың болмысын сипаттайтын, тарихынан сыр шертетін Әнұрандар туралы да біраз қызықты деректердің бары рас. Мәселен біздің елдің Әнұраны қысқа да нұсқа сөзбен-ақ күллі қазақ даласының тарихын, ата-бабамыздың ерлігі мен егемендікке дейінгі және осы жолға жетудегі ерлігін паш етеді. Ал Жапон Әнұраны әлемдегі ең қысқа Әнұран болып саналады екен. Кими га йо (көбінесе «императордың билігі» деп аударылады) – Жапонияның мемлекеттік әнұраны. Әнұранның сөзі Хэйан дәуірінде дәстүрлі жапониялық вака стиліндегі өлеңге негізделген екен. Бұл мемлекеттік әнұранның әлемдегі ең көне мәтіні және ең қысқа ұлттық әнұрандардың бірі деп белгілепті зерттеушілер. Ең ұзақ Әнұран Гректерге тиесілі. Бұл Әнұран XIX ғасырдың басында жазылған алты жүз отыз екі жол өлеңнен тұрады. 1865 жылы алғашқы 24 тармақ грек әнұраны болып жарияланыпты. Ал іс жүзінде оның алғашқы сегіз шумағын ғана айтатын болып шықты. Қысқартылған нұсқаның мазмұны біршама түсініксіз. Сондай-ақ бұл туынды Кипрдің әнұраны ретінде де қолданылатынын білдік. Әлемдегі Әнұрандардың ерекшеліктері жөнінде мәліметтер іздестіргенімізде бұдан бөлек Канада әнұранының үш нұсқасы бар деген ақпаратқа кезіктік. Бұл елдің әнұраны әлемдегі ең даулы әнұран болып табылады. Көптеген елдерде әнұранды жергілікті халық екі немесе одан да көп тілде орындайды. Мысалы, Финляндияда мәтіннің мағынасы бірдей болғанымен, фин және швед тілдерінде айтылады. Ағылшын тілінде елдің дамып келе жатқанына қуанып, болашаққа үміт артады, ал француз тілінде өткенге қарап, Канаданың «эпостық тарихымен» мақтанады. Египет әнұраны туристерді шатастыратын Мысырдың әнұраны «Biladi, Biladi, Biladi» деп басталады. Негізінде араб тілінде «Biladi» – «Туған жер» дегенді білдірсе, тиісінше Біріккен Араб Әмірліктерінің әнұранында да осы сөзді естуге болады екен. Бір қызығы, Мавритания әнұраны – қорқынышты фильмнің саундтрегіне ұқсайтынын жарыса айтады ғалымдар ғаламтордағы мәліметтерінде. Мұндай ән орта ғасырларда әскери жорықтар кезінде қарсыластарды қорқыту үшін айтылған.

Қарап отырсақ, Әнұран кей елдердің жүріп өткен жолын, өздеріне тән ерекшеліктерін баяндаса, кейбірі сол ұлттың мінезінен де хабар береді. Ал біздің Әнұранның әні де сөзі де күрделі болмағанымен, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін, қазақтың еркіндік жолындағы ерлігін де тарқатып береді. Рәміздеріміздің барлығының да өзіндік тарихы, әрбір деталінің берер мән-мағынасы бар. Бүгінде Көк Туымыз байрақты бәсекелерде биіктен желбіресе, жүрегімізге жақын Әнұранымыз жеңісті күндердің жаршысындай шырқалып келеді. Ал қастерлі Елтаңбамыз елдігіміздің мәңгілік таңбасындай төрімізде ілулі тұр. Шүкір, бүгінде әрбіріміз ұлттық рухымыздың қаншалықты мықты екенін мақтанышпен айта алатындай халдеміз. «Біз қазақ жай жатқан елміз» демекші, бейбіт күнде бірлікті ту еткен берекелі тұрмысымызға бөтеннің көзі мен тілі тимесін дейміз. Өшкенімізді жандырып, жаңамызды жаңғыртып, жаңашылдыққа бетбұрған жас мемлекетіміздің қадамы оң болса, әлі талай белестерді бағындырарымыз сөзсіз. Тек «Бірлік бар жерде ғана тірлік болатынын» әркез естен шығармасақ болды.

Нұр НАУАН

Отбасы мектебі

Алтын босағаның тәлімі

Бұрынғы үлкендердің тәрбиесі тәлім мектебі деп қалай айтпасқа? Шынында «жақсы жерге келген келін – келін, жаман жерге келген келін – келсап» деген бабалар сөзі ащы да болса шындық. Шындық дейтінім, бас қосқан бір отырыстағы құрбымның әңгімесіне орай расталып тұр. Сол күні құрбым өзінің сырын ешкімге айтпауымызды өтініп, мөлтек сырын бізбен бөліскен болатын. Ол – бүгінде көпбалалы ана. Сол күні бір кездері қайын атасын қатты ренжітіп алғанын бізге сабақ болсын деп әңгіме тиегін ағытты. Сол қатесін түзету үшін атасы бөлек тұратын оларды қара шаңыраққа көшіріп әкепті.

«Ол кезде жаспыз,қызмет қуып жүрген кезіміз еді. Отағасы инженер болған соң қайда жұмсаса,сонда кетеміз. Үйленген соң ата-енемнің қолында тұрып та үлгермедік. Сөйтіп көшіп-қонып жүргенде үш баламыз дүниеге келіп үлгерді. Бірінен соң бірі туған үш ұлдың күтімі оңай емес. Кішісі тіпті мазасыз болатын. Сол жылдары кезекті демалыста қара шаңыраққа қыдырып барып бір аптадай жатып қайтатын болдық. Ол үйдегі қайнымның төрт баласына қосылып,ата-әженің өбектегеніне тез үйренген балалар анасын тыңдаушы ма еді? Онсызда жүйкем жұқарып жүрген. Үлкенім айтқанымды тыңдамай қырсығатын әдет шығарыпты. Түс кезі болатын. Үйдегілердің барлығы шілденің ыстығында салқын бөлмеге кіріп демалып жатыр. Менің ғана балаларым айғай-шу салып жатқан. Үлкен екеуін желкелеп апарып үйдің артында жұмсақ жерінен шапалақпен шартылдатып та алдым. Аузымнан ашуланған соң «Атаңа нәлеттер-ай»деген сөзде шығып кетіпті. Тап сол уақытта бақша жақтан келе жатқан атамды көріп қысылып қалдым. Олда маған тіксініп қарап қалған екен.

«Шынымды айтсам,мен бұл сөзге соған дейін мүлде мән бермеген екенмін. Несін жасырамын,бала күнімнен шешемнен естіп өскен сөз еді» дейді құрбым көзіне келген жасын сүртіп. Бірақ сол күннен бастап іштей анама ренжідім. Неге ол сөзді парқына жетпей, ашуланғанда бізге айтты екен? Ол осынау парықсыз сөздің құлағымыз арқылы санамызға,одан тілімізге сіңіп кететінін ойламады ма?Оғанда «тәйт» дейтін жанның болмағаны ма?» деп көкірегім қарс айырылды.

Сол оқиғадан кейін үлкендер жағы мені қара шаңырақта қалдыру туралы шешім қабылдапты. Тап сол күні атасы отбасын жинап,қолдағы кіші баласын еншісін беріп шығарып салып,инженер ұлына, яғни менің күйеуіме шаңыраққа ие болатынын айтқан.

«Әулетте атамызға қарсы келетін ешкім жоқ,тіпті одан үлкендер болсада «шалдың баласы» деп ешкім бала күнінен қарсы келмеген екен. Балалары атам сөйлесе мүлде жақ ашпайды.

Күйеуім де қанша қимағанмен қаладағы жұмысын тастап ауылға келетін болды. «Әкем неге өйтті екен? Менің аптасына сыра ішіп,карта ойнайтынымды айтып қойдыңба?»деп мені қыспаққа алды. Мен мәселенің неден шыққанын іштей сезсемде, үнсіз қалдым. Ертеңіне күйеуім жұмысын реттеу үшін қалаға кеткенде енем жеке алып қалып маған бәрін түсіндірді. Жарықтық,бір дауыс көтермейтін жан еді ғой. «Өз балаңның болашағына нәлет тілегенің не,қарағым? Оның атасына айтқаның – балаңа айтқаның. Атасы алған қарғыс оның жеті ұрпағына кетеді. Атаңа нәлет деген –«лағынет жаусын» деген сөз. Қалай айтасың мұндай сөзді? Атаңды ренжіттің, сол қатең үшін сендерді қолда қалдырды» деп сабырмен түсіндірді.

Мен алдында жылап отырдым. «Соншалықауырсөздіқалайайттымекен?» деп. Жылы орнымызды тастап,екі отбасы екі айдың ішінде көшіп- қондық. Өміріміз күрт өзгерді. Үйде еркін жүрген менің етек-жеңім жиналып, күйеуімнің апта сайынғы демалысы азайды. Есесіне балаларым еркін.Ұрыспай, ұрмай тәрбиелейтін ата-әжесі бар. Үй шаруасының көбейгені болмаса,балаларыма қарасатын енемнің қадірін білдім дейді атын айтпауымды өтінген құрбым.

Сөйтсе, атасының реніші онымен де бітпепті. Осы бір ауыр сөзді айтқаны үшін қайын атасы келінінің салған сәлемін алмай,құйған шайын да ішпей қойыпты. Тіпті құдаларына да бармай қойған.«Атамның діні мұнша қатты деп ойламаппын. Бірақ мен құйған шайдан ішпей,тек енем құйған кеседен ғана алатыны үшін басында жылап жүрдім. Дастарханға екі шәйнек шәй демдеп әкелеміз. Ал енем бір жаққа кетсе,атам ауылдағы інісінің үйіне кетіп қалады. Сол жақтан тамақ ішіп, кемпірі келгенше үйге жоламайды. Енем де соны біледі,барған жерінен тез қайтады. Ололма,таңертеңсәлемсалсам,бас изейтін де,өтіпкететін. Бұрынғыдай «бақытты бол, балам» деген сөз жоқ. Енем мені сабырға шақырды. «Бір күні ашуы басылады» дейді жәймен. Ал күйеуім себебін түсінген күні бір ренжіді, бір күлді. «Өзіңе де обал жоқ» деді маған.

Ауыр тигені сол, бір жарым жыл өткенше атам менің төркінім жасаған жиын - тойға аттап баспады. Себебін де айтпайды, енемді де жібермейді. Құдалары бір-екі шақырғанға келмеген соң менің әке-шешем де уайымдай бастады. «Құданы ренжітіп қойдық па? Әлде бірдеңе болдыма?» дей бергенсоң сөйлесуден де қаша береді екенсің. Не керек, біржарым жыл уақыт бойы бір сөз үшін атам мені осылай жазалады. Бірге тұрып, отбасы мүшесінің біреуі сені елемеген кейіптанытса,сен құйғаншәйдыішпейқинаса,жаманболадыекенсің. Төртіншіұлымдыдүниегеәкеліп,қырқынашыққанкүніатам«Келін,ендіұрпағымажамансөзайтпа. Ауырыбүгінмағантисе,ертеңөзіңетиеді. Кешірдім»дегендежылапжібердім.

«Ал,ендіқалағанжақтарыңа кете берсеңдерболады»деді.Мен кетпедім. Күйеуімнің үйренген ортасына барғысы-ақ келді. Бірақ мен атам мен енеме үйренген балаларымды қимадым. Дауыс көтермей-ақ бір-ақ рет айтып жетеңе жеткізе білетін ондай адамдар жоқ шығар қазір. Бар болса да аз дейді бүгінде алты бала тәрбиелеп отырған құрбым.

Содан кейін ол келіншек балаларына ауыр сөз айтпақ түгілі енесі сияқты дауыс та көтермеуді үйреніпті. «Баланы осылай айғайсыз да тәрбиелеуге болатынын білсемші. Бұрын айқай салғанша тыңдамайтын бұзықтарым мен сабырлы болған сайын елгезек бола бастады. Бәрі атам мен енемнің берген тәрбиесі. Қолымызда 10-ақ жыл тұрғаны өкінішті. Ауырмай-сырқамай жетпістен асқанда бір-ақ күнде атам,артынан үш айдан соң енем кете барды келмеске. «Ұзақжасағандағой,шіркін!» депкөңілібосадықұрбымның.

Қандай тәрбие десеңші. Осындай айғай-шусыз адамды сабасына түсіретін жандар сирек екені өкінішті. Жалғыз ауыз сөзбен ұрпағына шалқар теңіз тәлім беретін қариялар жоқ деп те айта алмаймыз. Отбасының алтын босағасын берік ұстап, оған құт-береке ұялатып, ізгілік пен ұлттық құндылыққа баулитын карттарым-ай, сіздер аман болыңыздаршы!

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелiп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1697

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ